

"Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыға рұқсат беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация Министрінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 38 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда № 13232 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз!

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыға рұқсат беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7204 болып тіркелген, 2011 жылғы 12 қазандағы № 148 (2138) «Заң газеті» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы»; 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.» көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидасында:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидалары»; 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.»; 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қағидалар Қазақстан Республикасының автомобильмен тасымалдаушыларына халықаралық автомобильмен тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат ету куәлігін және рұқсат ету карточкасын беру тәртібін айқындайды, олар мынадай автокөлік құралдарының иелері үшін міндетті:

1) Жүк автомобильдері (тіркемені қоса алғанда рұқсат етілетін пайдалы жүктемесі 3,5 тоннадан асатын);

2) Жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған мамандандырылған автомобильдер.»;

3.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін – Қазақстан Республикасының автомобильдік тасымалдаушыларына халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беретін құжат (бұдан әрі - Рұқсат);

2) автокөлік құралына рұқсат карточкасы – автокөлік құралын халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруда пайдалануға рұқсат беретін құжат (бұдан әрі – рұқсат карточкасы).»;

4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Рұқсат және рұқсат карточкасы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдарымен осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша беріледі.

Рұқсат (Рұқсат телнұсқасын) және рұқсат карточкасын алу үшін отандық тасымалдаушы:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет веб-порталына жүгінеді.»;

5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Автокөлік құралына Рұқсат (Рұқсат телнұсқасын) және (немесе) рұқсат карточкасын алу үшін отандық тасымалдаушылар мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Рұқсат және (немесе) рұқсат карточкасын алу үшін өтінішті;

2) автокөлік құралдарын жалға алу шарттарының көшірмесін (болған кезде);

3) тахографты кезеңдік тексеру (инспекцияның) туралы куәліктің көшірмесін;

4) Рұқсат немесе оның телнұсқасы берілгені үшін мемлекеттік бажды төлегенің растайтын құжатты ұсынады.

Аумақтық органдар Рұқсат (Рұқсат телнұсқасын) және (немесе) рұқсат карточкасын алу үшін өтінішті үш жұмыс күні ішінде қарайды.».

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған;»;

10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Автокөлік құралдары паркі ұлғайтылған кезде отандық тасымалдаушылар осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.»;

11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген жағдайларда жаңа Рұқсат (Рұқсат телнұсқасын) және (немесе) рұқсат карточкасын алуға арналған өтінішті аумақтық орган өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.»;

15-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Осы Қағидалардың 14-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда жаңа Рұқсат және (немесе) рұқсат карточкасын алу үшін отандық тасымалдаушылар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады.»;

16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Осы Қағидалардың 14-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда жаңа Рұқсат (Рұқсат телнұсқасын) алу үшін отандық тасымалдаушылар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді және мыналарды ұсынады:

1) жоғалған жағдайда – бұқаралық ақпарат құралдарында Рұқсаттың жоғалғаны және жарамсыз деп тану туралы хабарландыру орналастырылғанын растайтын құжатты ;

2) бүлініп қалған (зақымдалған) жағдайда – бүлініп қалған немесе зақымдалған Рұқсатты ;

3) Рұқсат немесе оның телнұсқасын берілгені үшін мемлекеттік баж салығын төлеуді растайтын құжат.»;

16-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1. Осы Қағидалардың 14-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда жаңа рұқсат ету карточкасын алу үшін отандық тасымалдаушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді және мыналарды ұсынады:

1) жоғалған жағдайда – бұқаралық ақпарат құралдарында рұқсат карточкасының жоғалғаны және жарамсыз деп тану туралы хабарландыру орналастырылғанын растайтын құжатты ;

2) бүлініп қалған (зақымдалған) жағдайда – бүлініп қалған немесе зақымдалған рұқсат карточкасын.»;

18-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сондай-ақ осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген мерзімде басқа аумақтық органдарға өтініште көрсетілген автокөлік құралдарынан басқа рұқсат ету карточкасы бар болуы туралы сұрау салу жіберіледі.»;

22-тармағы алынып тасталсын;

1-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымшаның оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық автомобиль жүк
тасымалдауды жүзеге асыруға
автомобильмен тасымалдаушыларға
рұқсат беру қағидаларына
2 - қ о с ы м ш а

(көліктік бақылау органын атауы)»;

3-қосымшаның оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық автомобильмен жүк
тасымалдауды жүзеге асыруға
автомобильмен тасымалдаушыларға
рұқсат беру қағидаларына
3-қосымша

Н ы с а н

(көліктік бақылау органының атауы)»;

4-қосымша осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік
комитеті (Ә. А. Асаубаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он
күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық
жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап
күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің
эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына
жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму
министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың
интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)
тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан
Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан

Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2016 жылғы 1 наурыздан бұрын емес қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі **Ә. Исекешев**

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2016 жылғы 29 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестиция және даму министрінің
2016 жылғы 21 қаңтардағы № 38
бұйрығына
1-қосымшасы
Халықаралық автомобильмен жүк
тасымалдауды жүзеге асыруға
автомобильмен тасымалдаушыларға
рұқсат беру қағидаларына
1-қосымша
нысан

(көліктік бақылау органының атауы)
Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

№ 00000000

**халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға
РҰҚСАТ БЕРУ КУӘЛПІ**

Тіркеу № _____ 20__ жылы _____

Куәлік иесі _____
(ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны және заңды тұлғаның атауы
немесе жеке кәсіпкердің атауы)

Орналасқан

мекенжайы

(заңды тұлға үшін – заңды мекенжайына

жеке кәсіпкер үшін – тұрғылықты жерінің мекенжайы)

Осы Куәлік, оның иесіне халықаралық автомобильмен жүк тасымалын жүзеге асыруға рұқсат берілгенін растайды.

МО (бар болған кезде) _____
(мемлекеттік орган басшысының қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Инвестиция және даму министрінің
2016 жылғы 21 қаңтардағы № 38

б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымшасы

Халықаралық автомобильмен жүк
тасымалдауды жүзеге асыруға
автомобильмен тасымалдаушыларға
рұқсат беру қағидаларына

4-қосымша

нысан

(көліктік бақылау органының атауы)

Рұқсат беру куәлігін және (немесе) рұқсат карточкасын алуға ӨТІНІШ

(дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)
немесе заңды тұлғаның атауы)

Мынадай автокөлік құралдарына:

- 1) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, атауы, орналасқан жері өзгеруіне;
 - 2) заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері өзгеруіне және қайта ұйымдастырылуына ;
 - 3) Рұқсат және (немесе) рұқсат карточкасы жоғалуы, бүлініп қалуына (за қ ы м д а л у ы н а) ;
 - 4) автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісін ауыстыруға;
 - 5) автокөлік құралын сатып алуға немесе жалға алуға (қажетінің астын сыз)
- байланысты жаңа Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және рұқсат карточкасын беруді өтінемін.

№	Автокөлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	Ескертпе

Ж С Н / Б С Н

Дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама

(№ және қашан берілген)

М е к е н ж а й ы

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, № үй, телефон, факс)

Қ о с а берілетін құжаттар:

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Мөрдiң орны:

20__ жылғы «__» _____
 20__ жылғы «__» _____ өтiнiш қарауға қабылданды

(Мемлекеттік органның жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), қолы)